Что касается международной выставки продуктов питания и напитков Food Africa Cairo, которая ежегодно проходит в Каире, то белорусская экспозиция в этом году будет организована на данной площадке уже в пятый раз. В декабре 2022 году выставка Belarus. The Taste of Nature была представлена на площадке Египетского международного выставочного центра. В рамках экспозиции 14 белорусских предприятий презентовали широкий спектр молочной, мясной, крахмальной продукции, а также выпечки. Свою продукцию зарубежным посетителям выставки продемонстрировали «предприятия холдинга "Гродномясомолпром" (ОАО "Беллакт", ОАО "Молочный мир", Лидский молочно-консервный комбинат и его филиал Сморгонские молочные продукты, Рогозницкий крахмальный завод, Волковысский и Слонимский мясокомбинаты), а также Агрокомбинат Скидельский, Сморгонский комбинат хлебопродуктов, ООО "Праймилк", ОАО "Лидахлебопродукт", Слуцкий сыродельный комбинат и ОАО "Минский молочный завод №1"» [7]. В этом году перечень экспортеров не станет меньше.

Так что в 2023 году белорусские производители надеются на новые интересные и эффективные контакты на целом ряде международных выставок не только в Азии, но и в Африке.

Литература

1. Правительство утвердило план национальных выставок Беларуси за рубежом на 2023 год [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/pravitelstvo-utverdilo-plan-natsionalnyh-vystavok-belarusi-za-rubezhom-na-2023-god-543280-2023/>
2. Залесский, Б. Горизонты дальней дуги. Потенциал взаимодействия Республики Беларусь со странами Азии и Африки / Б. Залесский. – Palmarium Academic Publishing, 2022. – 216 с.
3. Около 60 белорусских научно-технических разработок представят на международной выставке в Пакистане [Электронный ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.belta.by/tech/view/okolo-60-belorusskih-nauchno-tehnicheskikh-razrabotok-predstavjat-na-mezhdunarodnoj-vystavke-v-pakistane-469010-2021/>
4. Более 100 проектов представит Беларусь на выставке Vietnam Expo [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/society/view/bolee-100-proektov-predstavit-belarus-na-vystavke-vietnam-expo-495765-2022/>
5. В Шанхае открылась Китайская международная выставка импорта [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/world/view/v-shanhae-otkrylas-kitajskaja-mezhdunarodnaja-vystavka-importa-533320-2022/>
6. Беларусь и Алжир имеют все предпосылки для расширения сотрудничества – Рачков [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/belarus-i-alzhir-imejut-vse-predposylki-dlja-rasshirenija-sotrudnichestva-rachkov-247000-2017/>
7. Белорусская экспозиция представлена на продовольственной выставке в Египте [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/belorusskaja-ekspozitsija-predstavlena-na-prodovolstvennoj-vystavke-v-egipte-538642-2022/>

Marketing i management

К.держ.упр. Шевченко В.М.,
Університет імені Альфреда Нобеля, Україна
Магістрантка, Дімченко А.О.,
Університет імені Альфреда Нобеля, Україна

СУЧАСНІ ТЕНДЕНЦІЇ РОЗВИТКУ ІНДУСТРІЇ ГОСТИННОСТІ

Розвиток туризму значно вплинув на розвиток індустрії гостинності. Епоха масового туризму сприяла виникненню значних змін в інфраструктурі та надбудові галузі (гостинності). До найважливіших сучасних тенденцій розвитку готельного господарства можна віднести наступні.

1. Розширення сфери інтересів готельного бізнесу на продукти та послуги, які раніше надавалися компаніями інших галузей (наприклад, громадське харчування, відпочинок, розваги, виставкова діяльність тощо). Розвиток таких сегментів індустрії гостинності, як індустрія розваг, включаючи азартні ігри, тематичні парки, конференції, перетворив раніше непривабливі курорти та туристичні зони на модні туристичні напрямки.

2. Посилення демократизації готельного господарства, що значною мірою сприяє підвищенню доступності готельних послуг для масового споживача. Якщо раніше різниця між готелями різного класу була значною, то зараз значно піднялася планка «нижчого стандарту»: навіть досить дешеві готелі пропонують якісний сервіс і мінімальний набір зручностей.

3. Посилення спеціалізації готельного бізнесу дозволяє більш чітко орієнтуватися на окремі сегменти споживачів з урахуванням різних характеристик [1]. Так, враховуючи рівень цін, було чітко виділено три сегменти – найнижчий (бюджетний), середній (економічний) і найвищий (люксовий). Крім того, здійснюється сегментація за метою поїздки, за віком, за видами робіт для споживачів та за іншими ознаками.

4. Розвиток нових видів туризму, особливо екологічного, де основною ідеєю є глибокий зв'язок людини з природою, стимулює будівництво готелів в екологічно чистих регіонах, формування «зелених» поверхів і номерів у звичайних міських готелях. При облаштуванні цих приміщень використовуються екологічно чисті матеріали, особлива увага приділяється економії природних ресурсів і мінімальному втручанню в природне середовище.

5. Глобалізація та концентрація готельного бізнесу. Ця тенденція проявляється у створенні великих компаній і готельних мереж. Такий підхід дозволяє готельним компаніям перегрупуватись і залучити додаткові ресурси для розвитку свого бізнесу. Концентрація готельних підприємств здійснюється шляхом створення профспілок або асоціацій, що не порушує їх юридичну та економічну самостійність, але дозволяє їм здійснювати спільні маркетингові програми, здійснювати науково-дослідну діяльність і формувати єдину систему підготовки та перепідготовки персоналу.

6. Глибока персоналізація сервісу і повна концентрація на побажаннях і потребах клієнтів. У дорогих готелях для цього створюють карти лояльності, де збирають інформацію про їхні смаки, уподобання та звички. Така база дозволяє передбачити побажання гостей. Для вирішення цих завдань у готелях створюються спеціальні служби. Так, в готелях компанії Marriott були створені спеціальні послуги дворецького. Готелі Radisson розробляють спеціальні навчальні програми для корпоративного персоналу, такі як «Yes I Can!», орієнтовані на формування особистої зацікавленості всіх співробітників компанії у відмінному обслуговуванні.

7. Широке впровадження нових засобів зв'язку та інформаційних технологій, що дозволяють проводити глибоку та системну економічну діагностику. Результати діагностики дозволяють провести повний самоаналіз і аналіз конкурентів в рамках застосовуваних цінових і маркетингових стратегій, проаналізувати ступінь активності на ринку, визначити прибутковість сегментів, що розвиваються, і координувати попит і пропозиції готельних послуг. Все це в

кінцевому результаті допомагає вирішити проблеми завантаження готельних компаній.

8. Впровадження нових технологій у бізнес-стратегії готельних компаній, особливо широке використання Інтернету для просування готельних продуктів і послуг. Нові технології знижують витрати та дають споживачам підвищений комфорт. Ці технології розширюють можливості залучення нових клієнтів і дозволяють компаніям розширювати свої сегменти ринку. Наприклад, використання нових систем бронювання дає незаперечні конкурентні переваги. Великі готелі та готельні компанії пропонують потенційним клієнтам взяти готельні тури, не виходячи з дому. Таким чином, відвідувачі сайту можуть ознайомитися з інтер'єрами готелів, з меню ресторанів і барів, отримати низку довідкової інформації.

Таким чином, перелічені вище найважливіші сучасні тенденції розвитку індустрії гостинності в кінцевому підсумку спрямовані на вирішення основних завдань:

- пошук власних конкурентних переваг;
- формування стабільної клієнтури через можливість знайти свого клієнта;
- пошук і створення нових шляхів розвитку, постійне оновлення власної політики щодо ринку готельних і туристичних послуг, що динамічно розвивається.

Література:

1. Теоретичні засади фінансового забезпечення інвестиційної діяльності підприємств сфери туризму. URL: https://kneu.edu.ua/userfiles/d-26.006.04/2016/Shuplat_dis.pdf.

К.держ.упр. Шевченко В.М.,
Університет імені Альфреда Нобеля, Україна
Магістрант, Хріпко Д.О.,
Університет імені Альфреда Нобеля, Україна

ОГЛЯД ОСНОВНИХ ТЕНДЕНЦІЙ РИНКУ ФІНАНСОВИХ ПОСЛУГ В УКРАЇНІ

З початку 2021 року кількість діючих банків в Україні скоротилася до 71 (мінус два банки порівняно з 2020 роком). Держбанки продовжують домінувати на ринку, але їх частка в чистих активах стала менше половини (47,5%). Водночас приватні та іноземні банки продовжили збільшувати частку чистих активів та коштів населення до 52,5% та 43,1% відповідно. Основними джерелами фінансування банківської системи залишаються кошти суб'єктів господарювання (43%) та фізичних осіб (41%). Спостерігається значне надходження гривневих ресурсів фізичних осіб до банківської системи (рис. 1).




Рис. 1. Кошти фізичних осіб, 2019 = 100% [1]

Прискорення інфляції у 2021 році та зростання девальваційних очікувань призвели до уповільнення надходження коштів на вимогу з II півріччя 2021 року (листопад до червня – 105,0%) та скорочення строкових депозитів (листопад до червня – 98,5%).

Високий рівень ліквідності банківської системи обмежував стимули банків підвищувати депозитні ставки навіть за умов поступового підвищення облікової

ставки Національним банком. У результаті протягом року ставки за депозитами в гривні залишалися на одному рівні. При цьому ставки за депозитами в іноземній валюті часто не перевищували 1% річних, що призвело до зниження доларизації депозитів до найнижчого рівня за останні 20 років (близько 35%). Також зросли кошти суб'єктів господарювання (на рівні близько 10% р/р).

Стрімке відновлення кредитування корпоративного сектору у 2021 році (рис. 2) відображає зростання виробництва та реалізації бізнесу, позитивний вплив реалізації державних інфраструктурних проектів та програми «Доступні кредити 5-7-9%».




Рис. 2. Чисті гривневі кредити суб'єктам господарювання за розміром підприємств, 12.2019 = 100% [2]

Це також свідчить про поступове адаптування галузі до ведення бізнесу в умовах карантинних обмежень. Пожвавленню кредитування сприяла реалізація програми «Доступні кредити 5-7-9%», яка забезпечила надання близько чверті нових чистих гривневих кредитів. При цьому роль кредитів у фінансуванні інвестиційних проектів залишається низькою (менше 5%), а значна частина кредитів надавалася на поповнення обігових коштів.

Загалом частка робочих кредитів у ВВП залишається на рівні близько 14% (найнижча серед країн ЄС).

Банки також відновили докризові ставки за кредитами на рівні понад 30% р/р (рис.2.3). Абсолютну більшість у кредитному портфелі фізичних осіб складають беззаставні кредити. Незважаючи на динамічне відносне зростання кредитів на нерухомість (57% р/р за 10 місяців 2021 року), частка іпотечних

кредитів у загальному портфелі становить лише 7%, а по відношенню до ВВП – менше 1%, що є найнижчим рівнем серед країн ЄС.

Загалом у 2021 році банківська система залишалася стабільною, ліквідною та високоприбутковою. Однак її роль як інституту фінансового посередництва слід посилити та зробити більш ефективною. НБУ має розробити свій інструментарій у рамках режиму таргетування інфляції, щоб стимулювати банки активізувати кредитування.

Література:

1. НБУ, Огляд банківського сектора, листопад 2021 року. [Електронний ресурс]. - URL: <https://bank.gov.ua/ua/news/all/oglyad-bankivskogo-sektoru-listopad-2021-roku> (Дата звернення:18.07.2022).
2. НБУ, Звіт про фінансову стабільність, грудень 2021 року. [Електронний ресурс]. - URL: <https://bank.gov.ua/ua/news/all/zvit-pro-finansovu-stabilnist-gruden-2021-roku> (Дата звернення:18.07.2022)

FILOLOGICZNE NAUKI

Гулшат Нурбекова, Камила Назарова

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университетінің
оқытушылары, Қазақстан, Алматы қаласы*

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПРИНЦИПОВ ОБУЧЕНИЯ В ИНТЕРАКТИВНОМ ОБУЧЕНИИ ПРОИЗВОДНЫХ СЛОВ-ПУТЬ К ПРАВИЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА.

Түйіндеме

Оқыту нәтижелі болсын десек, сабақ мақсаты айқын болып, тілдік тақырыптың негізі өзіндік ерекшелігі, әр тақырыптың ішкі заңдылығы, лингвистикалық негізі ашылып, айқындалуы тиіс. Оқушылардың сапалық деңгейін, әрекет мотивтерін, қажеттіктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістер кәзіргі кезде іріктелді. Интерактивті оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оның мақсаты – оқу процесінің өнімділігін арттыратын, оқушының ақыл-ой мүмкіндіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру болғандықтан, туынды сөздер жөнінде білім беруде интерактивті әдістерді кеңінен пайдаланғанымыз жөн.

Кілт сөздер: Сөзжасам, туынды сөз, лингвистика, оқу үдерісі, суффикс, әдістер

Преамбула принципов обучения в интерактивном обучении производных слов-путей к правильной организации учебного процесса.

Резюме

В связи с тем, что обучение должно быть продуктивным, цель урока должна быть ясной, раскрыта и определена специфика языковой темы, внутренняя закономерность каждой темы, лингвистическая основа. В настоящее время были отобраны методы, позволяющие формировать качественный уровень знаний учащихся, мотивы деятельности, потребности, интересы, ценностные ориентиры. Интерактивное обучение-специальная форма организации познавательной деятельности. Его цель-создание благоприятных условий для повышения производительности учебного процесса, осознания у учащихся умственных возможностей, собственных достижений, учитывая все это часто нужно применять интерактивные методы в учебном процессе, в том числе и в обучении производным словам.

Ключевые слова: словообразование, производное слово, лингва, учебный процесс, суффиксы, методы.

Continuity of learning principles in interactive learning of derived words is the way to the correct organization of the educational process.

Abstract

Due to the fact that training should be productive, the purpose of the lesson should be clear, the specifics of the language topic, the internal regularity of each topic, and the linguistic basis should be disclosed and defined. Currently, we have selected methods that allow us to form a qualitative level of students' knowledge, motives, needs, interests, and value orientations. Interactive learning is a special form of organizing cognitive activity. Its goal is to create favorable conditions for improving the productivity of the educational process, awareness of students' mental capabilities, their own achievements, taking into account all this, it is often necessary to use interactive methods in the educational process, including in teaching derived words.

Keywords: Word-formation, the derived word, lingua, educational process, suffixes, methods.

Ғылымилық ұстанымы бойынша туынды сөздерге байланысты ұсынылатын материалдар ғылыми тұрғыдан негізделуі шарт. Студентке ғылыми тұрғыдан дәлелденген материалды ғана меңгерткен дұрыс. Кез келген тілдік тақырыптың тілдік негізін, теориялық негізін жетік білмейінше, оны практикада қолдана алмаймыз. Себебі, оқыту нәтижелі болсын десек, сабақ мақсаты айқын болып, тілдік тақырыптың негізі өзіндік ерекшелігі, әр тақырыптың ішкі заңдылығы, лингвистикалық негізі ашылып, айқындалуы тиіс.

Профессор С.Исаев атап көрсеткендей, тілдік бірлік ғылыми тұрғыдан талдануы қажет. Ал сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жасалған жаңа ұғым атауларының грамматикалық сипаттары арқылы белгілі бір сөз табына қатысты болуы, немесе белгілі бір сөз табына жатуы талданады. Ғалымның ойынша, түбірдің лексикалық мағынасы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағынасы (бұл – сол сөздің, түбірдің қандай грамматикалық топқа яғни сөз табына жататынын айқындайтын бірінші басты белгі) сөзжасам процесінен кейін (яғни семантикалық процеске түскеннен кейін) бүтіндей өзгеріп кетеді немесе бір грамматикалық топ шеңберінде болғанымен, екінші тілдік үдеріс арқылы бүтіндей жаңа дәрежедегі грамматикалық мағынаға ие болып шығады[1,42]. Мысалы, *ой-ла*, *мал-шы*, *бес-атар*, *өнер-тапқыш* сияқты жаңа туындыларды алайық. Бір қарағанда, кейбір ғылыми еңбектерде айтылып жүргендей, *ой* деген зат есімге *-ла* жұрнағы жалғану арқылы етістік жасалған, *мал* деген зат есімге *-шы* жұрнағы жалғану арқылы жаңа зат есім жасалған, *бес* деген сан есім мен *атар* деген етістік, *өнер* деген зат есім мен *тапқыш* деген сын есімі (оның өзі *тап* деген етістіктен *-қыш* жұрнағы арқылы жасалған) бірігу арқылы жаңа зат есім жасалған деген пікір, теория орынды-ақ сияқты көрінгенімен, бұнда лексика-


семантикалық және грамматикалық процестердің аражігі ашылып, айқындалмаған. Ал шындығында бұнда әр түрлі тілдік үдеріс бар. Әрі олардың шекарасын ажыратып, нақтылауға әбден болады. Мысалы, *ой* деген негізгі сөзге *-ла* қосымшасы жалғану арқылы ойлау іс-әрекетін білдіретін *ойла*, *мал* деген негізгі сөзге *-шы* қосымшасы жалғану арқылы малды бағатын адам мәніндегі *малшы*, *бес* және *атар* деген негізгі сөздердің бірігуінен жаңа мағыналы сөз, яғни *бесатар* деген мылтықтың бір түрінің атауы пайда болды. Жаңа сөздің мағыналары оны жасауға негіз болған сөздердің мағыналарына белгілі дәрежеде қатысты, соған байланысты болса да, олардан мүлде бөлек жаңа сөз, жаңа ұғым атауы жасалды. Осымен сөзжасам процесі аяқталады. Оның тілдік үдеріс болатыны осылай басталып, жаңа сөздің пайда болуымен аяқталады. Екіншіден, түбір мен қосымша немесе түбір мен түбірдің, (біріккен, қосарланған, тіркескен күрделі сөздерде) сөздің морфологиялық құрамы жағынан грамматикалық сипатын яғни қай сөз табына жататынын, сол арқылы ол сөздер қандай тұлғада тұрып, қандай грамматикалық мағына білдіретінін де қоса айтып көрсетуге болады. Бірақ бұл қасиет сөзжасам шеңберіне енбейді, яғни сөзжасам процесінің бастауын, міндеттілігін қамтамасыз ететін фактор емес. Ол – түбір мен қосымшаның, сөз бен сөздің арасындағы тіркесімділік сипат негізінде іске асатын семантика-грамматикалық сипат. Сондықтан туынды сөздерді интербелсенді технология арқылы оқытуда ғылымилық ұстанымы негізгі орынға ие. Студенттер сөздің бастапқы түбірін дұрыс таппаса ары қарай сөзжасамдық талдау жасау мүмкін емес. Студенттерге дайын ғылыми тұжырымдарды ғана ұсыну жеткіліксіз, олардың өздеріне пікір айтқызып үйрету керек. Туынды сөздердің семантикасына талдау жасату арқылы олардың бастапқы түбірлерін таптыру, оның шығу тарихын айқындату оларды ғылыми тұжырым жасауға итермелейтіні сөзсіз.

Теория мен практиканың байланысы ұстанымы студенттердің теория жүзінде алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруда негізге алынды. Бұл ұстаным студенттің тек практикалық дағдысын қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге оның өмірлік дағдыларын жетілдіруге, тәрбиесін дамытуға да көмектеседі. Ғалымдардың пікірінше, студент тапсырмаларды орындау арқылы теория мен практиканың байланысын анықтайды, талдау жасайды. Теориялық тұжырымдардың дұрыстығына көзін жеткізеді[2,54]. Мысалы, «Туынды сөздер» тақырыбына байланысты өткізілген семинар сабағында студенттердің педагогикалық практика кезінде осы тақырыпқа сәйкес бейнетаспаға түсірілген үзінділерді көрсете отырып, сөзжасамдық тақырыпты түсіндірудегі кеткен кемшіліктер талқыланды. Бірнеше студент мұғалім рөлінде тақырып төңірегінде жаңа материалды түсіндірді. Мұндай сабақтар болашақ маманның біліктілігін жетілдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, ғалымдардың ғылыми еңбектерін өз бетімен оқып, талдап, даулы тұжырымдар төңірегінде бірнеше ғалымдардың пайымдары негізінде өткізілген пікірталас сабақтары теориялық материалды практикада қолдана білуге үйретті. Семантикалық картаны толтыру, ғылыми еңбектерден туынды сөздерге қатысты мысалдарды кестеге түсіру, кластер құру, пікірталастыру және т.б. жұмыстар

оларды теориялық білімдерін қажет кезінде ұтымды қолдануға итермеледі. Білімалушылар теория жүзінде алған білімдерін практикада қолдануда оның ғылымилығына мән береді, сондықтан теория жүзінде дәлелденген материалды ғана ұсынған жөн. Әлі де зерттеуді қажет ететін тұжырымдарды практикалық тұрғыдан талдау олардың теориялық білімдерін тереңдете түсуге ықпал етері сөзсіз.

Жүйелілік ұстанымы материалды терең әрі жеңіл игеруге септігін тигізеді. Туынды сөздерді оқытуға байланысты тақырыпты жүйелеу, әр тақырыпты меңгертуге қажетті технологияны анықтау, тиімді әдіс-тәсілдерді сұрыптау, қызықты тапсырмаларды айқындау және т.б. жұмыстар осы ұстанымға негізделді. Студенттерге, ең алдымен, сөзжасамдық талдауға берілген сөздің жасалу заңдылығы, сөзжасамдық уәждеме, оның мағынасын меңгертіп, әр сөздің жеке мағынасына, семантикасына түсінік берілді. Әр сөз табы бойынша сөз тудыратын жұрнақтардың мәнін айқындап алу қажет. Ғалым Н.Оралбай: «Зат есім – сөзжасамы өте күрделі сөз табы. Оның түрлі себептері бар. Зат есімде сөзжасам тәсілдерінің бәрі қызмет етеді және бәрі де белсенді қызмет атқарады. Ал ол туынды зат есімдердің құрамының алуан түрлі болуына әсер етеді. Туынды зат есімдердің құрамының түрлілігі олардың түрлі топ құрауына әкеледі. Туынды зат есімдердің әр түрінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөздің дәлдігі ойдың айқындылығын көрсетеді», – дейді [3,61]. Студенттің туынды сөзді жасалуын, мағыналық жағын меңгергені туынды сөздерді ұтымды қолдануынан байқалады. Білім алушының сөзді дұрыс қолдануы сөздің мағынасын, семантикасын қаншалықты игергендігімен байланысты.

17 ғасырда Я.А.Каменский негізін қалаған *көрнекілік ұстанымы* студентке материалды терең меңгертуге маңызға ие. Адамның сезім мүшелеріне әсер етіп, материалды жан-жақты игертуге ықпал ететін көрнекіліктің мәні айрықша. Зерттеушілер адамның көру мүшелері есту мүшелеріне қарағанда ақпаратты 13 есе көп қабылдайтынын айтады[4,18]. Туынды сөздерді оқытуда көрнекі құралдарды қолданудың пайдасы зор. Көрнекілік екі түрлі қызмет атқарады, біріншіден, ол білім алушының қызығушылығын тудырады, екіншіден, оған алған білім, білік, дағдысын практикада іске асыруға мүмкіндік туғызады. «Өнімді, өнімсіз, құнарлы, құнарсыз сөзжасамдық қосымшалар» тақырыбын оқытуда сызбалар көптеп қолданылды. Мысалы, біріншіден, зат есімдер беріліп, оған жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, екіншіден, бір жұрнақты пайдалану арқылы туынды сөз құрастыру тапсырылды:



Саналылық пен белсенділік ұстанымы бойынша студенттердің танымдық белсенділігі жоғары болып, сабақ үрдісінде субъектілік рөлі басым болса, сабақ нәтижелі болады. Ол үшін студенттер орындайтын жұмыстарын өздері жоспарлап, алға қойылған мәселелерді шешудің жолдарын өз беттерімен ұсынуға дағдылануы қажет. Студенттің танымдық белсенділігін дамытып, сабаққа деген ынтасын арттыру үшін оқытушы көп ізденуі тиіс. Ол үшін төмендегідей мәселелерді назарда ұстаған жөн:

- студенттің қызығушылығын тудыратын тапсырмаларды іріктеп қолдану;
- студенттерді түрлі проблемалық жағдаяттарды, ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қатыстыру;
- пікірталастың түрлерін, жағдаяттық тапсырмаларды, түрлі ойындарды жиі қолдану;
- топтық, ұжымдық жұмыс түрлерін жиі ұйымдастыру.

Мысалы, *«Өнімді, өнімсіз, құнарлы, құнарсыз сөзжасамдық қосымшалар»*

тақырыбы бойынша студенттер, өнімді, не өнімсіз қосымшаларды мысалдар жинау арқылы дәлелдеді. Топтық жұмыс түрінде өтілген практикалық сабақта олар өз ойларын дәлелдеуге төселді.

Сабақ үрдісінде жағымды мотивация мен атмосфера тудыру ұстанымы әдіскер ғалымдар Ш.А.Амонашвили, М.Н.Скаткин, Г.И.Щукинаның қолданбалы зерттеулері негізінде дидактикалық ұстанымдар қатарына енгені мәлім. Бұл ұстаным бойынша студенттер мен оқытушы арасында тығыз байланыс болып, ол ортақ қызығушылықты тудыруы қажет. Яғни екі тараптан да жағымды мотивация мен атмосфера қалыптасқан уақытта білім де нәтижелі болары сөзсіз. Бүкіл орындалатын жұмыстар студент пен оқытушының арасында жағымды коммуникацияны іске асыратындықтан білімді игеру де оңай болады. Білім алушылар мен оқытушының бір-біріне сенім артуы, өзара түсіністікпен байланыс жасауы, достық қарым-қатынастың орнауы материалды жеңіл меңгеруге көмектеседі. «Семантикалық сөзжасам», «Профессор Н.Оралбай және сөзжасам» және т.б. тақырыптағы жоба жұмыстары аталған ұстанымды басшылыққа алудың ұтымдылығын көрсетті[5,65].

Сабақтастық ұстанымын негізге алу туынды сөздерді интербелсенді технологиялар арқылы меңгертуде ұтымды болды. Туынды сөздердің жасалуы тілдің барлық салаларымен тығыз байланысты. Білім алушыларға туынды сөздерді меңгертпес бұрын олардың фонетика, лексика, морфология бойынша білімдерін естеріне түсіріп алған абзал. Тілдік бірліктер семантикалық, грамматикалық, функционалдық тұрғыдан сабақтаса қарастырылады. Мысалы, төмендегі тапсырма студенттерге морфология және лексика салаларынан алған білімдерін пайдалану арқылы іске асырылады:

Тапсырма. Берілген туынды сөздерді жасалу жолына қарай кестеге жазыңыздар. Түбір мен қосымшаны ажыратып көрсетіңіздер.

Қазылық, қауғашы, беткей, тотық, ауыздық, билік, ашамай, жүзімдік, сұлтандық, құсбегі, қазынашы, көнек, енші, бұршік, қолтық, жырау, көзілдірік, арбакеш.

<i>Табиғат құбылыстарымен байланысты туынды сөздер</i>	<i>Анатомиялық атаулармен байланысты туынды сөздер</i>	<i>Нақтылы заттық ұғымдармен байланысты туынды сөздер</i>	<i>Көне сөздерден болған туынды сөздер</i>

Студенттер осы тәрізді тапсырмаларды орындау кезінде алдыңғы алған білімдерін еске түсіреді. Берілген сөздерге сөзжасамдық талдау жасауға дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Исаев Ғалым.Ғылым.Ғұмыр. – Алматы: Киев, 2008. – 580.
2. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. – Алматы:ОНОН, 2017. – 340.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. –125, Алматы, 2002.
4. Я.А.Каменский Дидактические материалы. Москва, 1989 г. 18 б.
5. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. –125, Алматы, 2002.

**Нурбекова Г.С. п.ф.м., аға оқытушы
Абылай хан атындағы ҚХҚЖӘТУ**

ОБУЧЕНИЕ КАЗАХСКИМ И АНГЛИЙСКИМ ЛИНГВИСТИЧЕСКИМ ТЕРМИНАМ, СОСТАВЛЕННЫМ ИЗ ПРОИЗВОДНЫХ СЛОВ В ВУЗЕ ПУТЕМ ВЫПОЛНЕНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ЗАДАНИЙ

Резюме

В процессе подготовки будущих специалистов-филологов важно обогащать словарный запас через обучение лингвистическим терминам для формирования их языко-коммуникативной компетенции. Студент, владеющий способами создания лингвистических терминов в казахском и английском языках, различает их смысл, создает прилагательные, глаголы от существительного, создает однокоренные слова, увеличивает словарный запас. Производные термины создают : - tion, -sion, -ion, -ism, -ISM, -ics, -ity, -erne, -ing, -ant/ance, -er, -or, -ness и т. д. поскольку суффиксы являются продуктивными, следует обратить внимание на создание словообразовательных типов с этими суффиксами и сравнить их с родным языком студента. Продуктивные приставки: - re -, extra -, pre -, sub -, ultra -, counter -, inter -, meta -, post -, super -, semi -, trans -, anti -, auto -, neo имеют особое значение в языковой стадии открытия семантики общих лингвистических терминов на обоих языках.

Для формирования профессионально ориентированной личности студента необходимо использовать современные информационные технологии в сочетании с другими формами организации учебного процесса. При этом задания в электронном виде и их использование на уроке имеет большое значение в обогащении словарного запаса студентов.

Summary

In the process of training future specialists in Philology it is important to enrich the vocabulary through teaching linguistic terms to form their linguistic and communicative competence. A student who knows how to create linguistic terms in the Kazakh and English languages, distinguishes their meaning, creates adjectives, verbs from nouns, creates cognate words, increases vocabulary. Derivative terms create : - tion, -sion, -ion, -ism, -ISM, -ics, -ity, -erne, -ing, -ant/ance, -er, -or, -ness, etc. since suffixes are productive, attention should be paid to the creation of word-formative types with these suffixes and compare them with the student's native language. Productive prefixes: - re -, extra -, pre -, sub -, ultra -, counter -, inter -, meta

-, post -, super -, semi -, trans -, anti -, auto -, neo have a special meaning in the language stage of the discovery of the semantics of common linguistic terms in both languages.

To form a professionally oriented personality of the student it is necessary to use modern information technologies in combination with other forms of organization of the educational process. In this case, the task in electronic form and their use in the classroom is of great importance in enriching the vocabulary of students.

Тірек сөздер:

Туынды сөздер, кәсіби, сөзжасамдық тип, терминология, префикстер, лингвистикалық терминдер, аффикстік деривация, интерактивті технология

Болашақ филолог мамандарды даярлау үдерісінде олардың тілдік-қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін лингвистикалық терминдерді үйрету арқылы сөздік қорын байытудың маңызы зор. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің жасалу жолдарын білетін студент олардың мағынасын ажыратып, зат есімнен сын есім, етістік тудырып, түбірлес сөздер жасайды, сөйтіп, сөздік қоры молаяды. Туынды терминдер жасайтын: -tion, -sion, -ion, -ism, -is, -ics, -ity, -erne, -ing, -ant/ance, -er, -or, -ness және т.б. жұрнақтар өнімді болғандықтан, осы жұрнақтармен жасалған сөзжасамдық типтердің жасалуына назар аудартып, оны студенттің ана тілімен салыстырып берген жөн. Өнімді префикстер: -re-, extra-, pre-, sub-, ultra-, counter-, inter-, meta-, post-, super-, semi-, trans-, anti-, auto-, neo арқылы жасалған екі тілге ортақ лингвистикалық терминдердің семантикасын ашудың да тілүйретім сатысында маңызы ерекше.

Студенттің кәсіби бағытталған тұлғасын қалыптастыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды оқу үдерісін ұйымдастырудың басқа да түрлерімен ұштастыра қолдану керек. Осы орайда электрондық тапсырмалар құрастырып, сабақта пайдаланудың маңызы зор.

Жаңартылған білім беру жағдайында ана тілін және шетел тілін кәсіби бағытта үйрету басымдық алуда. Қазіргі таңда тілді меңгерумен қатар таңдаған мамандыққа қатысты арнайы білім алу мақсат етіледі. «Кәсіби бағытталған тіл» термині белгілі бір тілдегі мамандыққа байланысты әдебиеттерді оқумен қатар сол тілдегі кәсіби лексика мен терминологияны игеру, кәсіби қызмет барысында тілді қарым-қатынас жасауда еркін қолдануды талап етеді. Қазіргі заманда оқытуға кәсіби бағытталған көзқарас тұрғысынан келу дегеніміз студенттердің бойында белгілі бір тілде нақты кәсіби, іскерлік, ғылыми салада және түрлі жағдайларда коммуникацияға түсе алу, кәсіби деңгейде ойлау мен зерттеушілік әрекеттерді жүзеге асырумен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби бағытталған тілдік пәндер жалпы білім беретін пәндерден өзгешеленеді. Кәсіби лексика мен грамматиканы білу коммуникативтік құзыреттіліктердің орнын толтыра алмайтынын ескерген жөн. Сол себепті кәсіби бағытталған тілдік білім студенттің болашақ кәсібі немесе мамандығының

ерекшелігінен туындайтын талаптар тұрғысынан беріліп, кәсіби және лингвистикалық білімдер ұштастырыла жүргізуді қажет етеді. Мұндай жағдайда тілдік білім қосымша кәсіби білім алу мен тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын дамытуға қажетті басқа арнайы пәндермен интеграцияланады. Ал шетел тілі студенттің кәсіби құзыреттілігі мен тұлғалық-кәсіби дамуының құралы қызметін атқарып, маманның – өзге тілді серіктестермен іскерлік байланыс орнатуға қабілетті қазіргі заманғы жоғары мектеп түлегінің кәсіби қызметті табысты атқаруының маңызды шарты болып табылады. Осыған орай студенттің кәсіби бағытталған тұлғасын қалыптастыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды оқу үдерісін ұйымдастырудың басқа да түрлерімен ұштастыра қолдану керек.

Филолог-мамандар оқу тілімен қатар басқа да тілдерді біліп, полилингвалды тұлға болып қалыптасса, болашақ кәсіби қызмет аясы кеңиді. Заман талабына сай туыс тілдермен қатар ағылшын тілін білу қажеттігі туындап отырған тұста, өз мамандығы аясындағы лингвистикалық терминдерді шетел тіліндегі терминдермен салыстыра оқыту студенттің сөздік қорын арттырып, екінші тілді тез игеруіне септігін тигізбей қоймайды. Маман ретінде екінші тілдің сөз жасау тәсілдерін түсініп, туынды сөздердің компоненттерін ажырата білу, сөзжасамдық модельдерін тани білудің тілді игеруде маңызы зор. Мәселен, қазақ тілінде –шы,-ші форманты арқылы мамандық, кәсіпті немесе белгілі бір іске бейімділікті білдіретін сөздер көптеп жасалса, ағылшын тілінде мұндай сөздерді жасауға –er форманты көп қатысады. Мысалы: әнші – singer, биші - dancer, құрылысшы - builder [1,28].

Э.Г.Петросянцтың ағылшын тілінің лингвистикалық терминологиясын зерттеуге байланысты еңбегінде терминдердің құрылымдық-морфологиялық, құрылымдық-семантикалық, валенттілік, деривативтік қасиеттері қарастырылып, лингвистикалық терминдердің көпшілігі роман, грек тілдерінен енгені немесе осы тілдердің құрылымдық модельдері бойынша жасалғаны анықталған. Туынды терминдердің аффикстік жүйесіне жасалған талдаулар төмендегі жұрнақтардың өнімділік сипатын анықтаған: -tion, -sion, -ion, -ism, -is, -ics, -ity, -erne, -ing, -ant/ance, -er, -or, -ness және т.б.

Мысалы, -tion жұрнағы арқылы:

аллитерация – ағылш. alliteration, адвербиалдану - adverbialization, адъективтену -. adjektivization, агглютинация -agglutination, вербалдану - verbialization, т.б.

-ism формасы арқылы: германизм – Germanism, аналитизм – Analytism, гиперурбанизм - hyper-urbanism, диалектизм – dialectism.

-ic формасы арқылы: полисемантикалық – Polysemantic, аллофондық – allophonic, парадигмалық – paradigmatic.

-ive формасы арқылы: компаративті – comparative, коммуникативті - communicative.

КОНТАМИНИРОВАННЫЙ англ. contaminated.

Аффикстік деривация нәтижесінде түбірлес сөздердің қалыптасу үлгісі (phonetics - phonetical, grammar - grammatical, phoneme - phonemic, morpheme - morphemic, verb - verbal, adjective - adjectival, syllable- syllabic, grapheme - graphemics - graphics және т.б) арқылы зат есімнен зат есім мен сын есімнің жасалуын игерту де студенттің сөздік қорын арттырады сөзсіз.

Лингвистикалық терминдер жасаған өнімді префикстер ретінде -re-, extra-, pre-, sub-, ultra-, counter-, inter-, meta-, post-, super-, semi-, trans-, anti-, auto-, neo тұлғаларын қарастырған [2,187] Мысалы:

Re: recursive – рекурсивті, relevance – релеванттылық, relevant – релевантты.

Poly: polysemantic – көп мағыналы, polysemia – полисемия, polysyllable – поллисиллаб.

Extra: extralingual - экстралингвистикалық, external linguistics – экстралингвистика.

Pre: prefixal - префикстік.

Inter: interdialect -интердиалект, intergrades - субварианттар, interjection-одағай, interjectional – одағайлы, interjectional theory -тілдің шығу теориясы, internal- inflexion (attr.) ішкі флективті, international – халықаралық, international world- халықаралық сөздер, interrelation – ішкі реляция (байланыс), interrogation - сұрақ, interrogative –сұраулы, interrogativehortative sentence –сұраулы-лепті сөйлем, interrogative-narrative sentence – сұраулы-хабарлы сөйлем.

Meta: metabasis метабазис, metalanguage – метатіл, metalepsis – металепсис, metalinguistic металингвистикалық, metalinguistics - металингвистика, metaphony -метафония, metaphor -метафора, metaphoric(al) метафоралық, metaphorization метафоралану, metaphorise –метафраза, metaplastm – метаплазм, metasemiotic –метасемиотикалық, metasemiotics – метасемиотика.

Post: postdental – тіл арты, postfix – постфикс, postnominal – постноминалды, postpalatal постпалатал, postposition - постпозиция, послелог, postpositional – постпозитивті, postpositional attributive group – изафет, post-velar – поствелярлы, postverbal -поствербалды.

Super: суперлатив, суперлативті, superlative degree -асырмалы шырай; superordinate clause -қарсылықты сөйлем, superstratum – суперстрат, suppletion – супплетивизм.

Semi: semi-cadence –полукаденция, semi-colon – нүктелі үтір, semi-consonant, жартылай дауыссыз, semi-labialized consonant - жартылай лабиалды дауыссыз; semi-long vowel -жартылай дауыссыз.

Trans: reflexive-intransitive возвратне- переходный

Auto: automatization of the means of language- тілдік құралдарды автоматтандыру; automatism - автоматизм.

Neo: neographism -неографизм, neolinguistic – неолингвистикалық, neolinguistics неолингвистика, neologism - неологизм.




Hypo: hypotaxis – гипотаксис, hypotactic – гипотактикалық, hypothetical clause –гипотетикалық сөйлем, hypostasis – транспозиция.

Осы префикстер арқылы тілімізде қалыптасқан жартылай калька, толық калька терминдер мен басқа да сөздер бар: неолингвистика, транспозиция, префикс, т.б.[3,15]

Қазіргі заманғы дамыған ақпараттық технологиялар көмегімен аталған терминдерді үйрету үдерісін жеңілдетіп, тапсырмалар жүйесін жасауға болады. Бұл тұрғыда электрондық оқу бағдарламаларын, электрондық оқулық дайындайтын iSpring бағдарламасының көмегіне жүгінуге болады. Осы бағдарлама арқылы лингвистикалық терминдерді жинақтап, глоссарий жасауға болады. Оның үлгісі төмендегідей.



Бағдарламаның көмегімен әр түрлі тапсырмалар кешенін жасауға болады. Мысалы, сәйкестендіру тапсырмасы:

Закрывать окно просмотра Редактировать вопрос Обновить

Вопрос 1 из 1

Тиісті қосымшамен сәйкестендіріп, сөз жасаңыз

dialectolog	ive
Polysemant	ic
German	ism
communicat	y

Отправить

Бос орынға тиісті қосымшаны қою:

Вопрос 2 из 2

Терминдердің алдына тиісті префиксті қойыңыз:

cursive , levance, levant.
 semantic, semia, syllable.
 lingual, linguistics.
 fixal. dialect, jection,
 jectional theory, national,
 national world, rogation
 basis, language,
 linguistic, metalinguistics , phony
 dental – тіл арты, fix – постфикс,
 palatal латив,

Отправить

1. Express the following in one word, using the suffix -er

1) one who reads-

one who subscribes (to smth) –

one who advises (smth) -

one whose occupation is to sing

one whose occupation is to write (books) one whose occupation is to produce

(films) one whose occupation is to bake one who is sleeping, one who is eating (walking)

-or

one who creates (smth), (initiates, elects)

one whose occupation is to inspect (construct, dictate, edit)

one who is visiting (smb, smth)

Model: London - Londoner

New York - New Yorker One who lives in a cottage (on a ranch, on an island, in a village)

Give one word beginning with prefix "miss" for the following.

Model: failure to understand - misunderstanding a wrong use -, wrong pronunciation -, to understand in a wrong way -, to spell in a wrong way -, to give wrong information -, to pronounce wrongly -.

Translate the following into kazakh language using the dictionary. Choose the correct meaning of the underlined words

One of the most interesting sights of London is the famous Tower, an old castle built almost nine hundred years ago by the Normans It is situated on the bank of the Thames not far from another sight - the Tower Bridge The Bridge can be revised so as to make passage for the ships.

Fill ill, some, no, not, any, (not) much, a lot of 1) I have... work today.

Using the prefixes make the following words negative, happy, possible, legal, pleasant, responsible

Бұл этап бойынша берілуге тиісті ең тиімді жаттығулардың қатарын төмендегідей жаттығулар құрайды:

Мына сөзді сөз тіркесіне қос; Берілген сөздердің синонимі мен антонимін тап;

Берілген ойдың мағынасынан ауытқымай, әртүрлі мағынада құрастырылған сөздерден тұратын сөз тіркестерін қазақ тіліне аудар; Берілген сөз тіркестерін синониммен ауыстыр;

Сөз тіркестеріне қарама қарсы мағыналы сөздер қой; «Шатастырма!» ойыны;

Сөз тіркестерінің қазақша баламасын келтір; Мына сөздің синонимдерін тауып, әр синонимнің ортақ мағыналық ұқсастықтарын көрсет;

Екінші этап бойынша мына типтегі жаттығулар берілгені дұрыс. Мысалы:

1 .Үлгі бойынша мәтін құрастыр. Жағдаят бойынша мәтін құрастыр.

Мәтінмен танысып, оны әр түрлі терминдерді қолдана отырып қайта құрастыр.

Берілген сөздерді қолдана отырып, Қазақстанда өткен дүниежүзілік қысқы Уни версиада-2017 бойынша әңгіме құрастыр: competition, event, take part, delegation, organize, win. lost, prize, result, enjoy және т.б..

5. Асты сызылған сөздер қай сөз табына жататынын анықта:

1. He works as a teacher. 2. I saw one of his works at the exhibition. 3. I was waiting for your report. 4. They report the results of their experiment every Monday. 5. His report contains some of his thoughts about the experiment. 6. You'll make progress if you work hard. 7. He thought about his new work. 8. I have a present for you. 9. I am busy at present. 10. He presented me with a book.

6.Төмендегі туынды сөздердің құрамын талдап, жасалу жолын айтып бер, негізгі түбірін ата:

Powerful, inventor, high-quality, network, demoralize, profitable, dislike, disagree, movement, shorten, incorrect, electricity, fruitful, fruitless, happiness, dangerous, noisy, sunny, rainy, badly, strongly, reading, teaching, rebuild, retell, leader, teacher, unhappy, unusual, translation, cooperation, schoolboy, icebreaker.

7. Күрделі зат есімдерді жаз, туынды сөздердің жасалу жолын анықта.

Например: A machine for drying hair – hair drier.

1. A thing for opening tins - 2. A machine for playing records - 3. A machine for mixing food - 4. A thing that times eggs (when they are boiling) - 5. Things for warming people's legs - 6. Stuff that kills flies - 7. A liquid that removes paint - 8. A tool that opens bottles - 9. A thing for peeling potatoes - 10. A liquid for removing eye makeup - 11. Stuff for freshening the air -

8. Туынды сөздерді сан+zam есім+zam есім үлгісі бойынша жаз.

Мысалы: a walk lasting for three miles – a three-mile walk.

1. A girl who has just celebrated her sixteenth birthday - 2. A flight lasting for ten hours - 3. A note that is worth twenty pounds - 4. A language course that lasts four weeks - 5. A drive that takes three hours - 6. A meal that consists of three courses - 7. A holiday that lasts two weeks - 8. A delay at the airport that went on for two hours - 9. A letter that goes on for ten pages - 10. A university course that takes three years - 11. A prison sentence of ten years - 12. A hotel with five stars - 13. A speed limit of 30 miles an hour - 14. A house that was built two hundred years ago -

9. Сын есімдерді 3 топқа топтастыр: 1) адам, 2) орын, 3) зам:

Obstinate, unspoilt, hand-made, waterproof, easy-going, breathtaking, aggressive, deserted, overgrown, overcrowded, cunning, picturesque, arrogant, long-lasting, spoilt, automatic, accurate, artificial.

Осы сипаттағы көптеген тапсырмалар мен жаттығуларды жоғарыда көрсетілген үлгіде орындау барысында филология мамандығында оқып жатқан студенттер өз кәсібіне байланысты білімдегі, тағы басқа да салада кездесетін туынды сөздерден пайда болған терминдердің жасалу жолдарын оңай түсініп, өз бетінше сөздерге талдау жасап, оларды жеңіл түрде өз сөздік қорына қолданысқа енгізетін болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Л.Жаналина. Сопоставительное словообразование казахского и русского языков Алматы, 1999, 28 бет

2. Э.Г. Петросянц Лингвистическое терминопле: структура, семантика, деривация (На материале английского языка) Пятигорск 2004, 28 бет

3. СЛОВООБРАЗОВАНИЕ КАК СЛОЖНЫЙ ЭЛЕМЕНТ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА (WORD-BUILDING) Руснаука 2018, 15 бет

Mowa, mowna komunikacja

Сарыбекова Қ.Н., Шынтас Г. М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ РУХ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

